Aşağıda verilen I ve II numaralı metinleri okuyunuz, metinlerin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içerikleri hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

## I

"Айсұлу" шаштараз салоны қаламыздың орталығындағы, Нүркен Әбдіров даңғылында орналасқан. Бұл салонның шаштараз шеберлерін бүкіл қала халқы біледі, өйткені олар жоғары деңгейде қызмет көрсетеді. Мұнда шашты химиялық жолмен бұйралауға, бояуға және сәнді етіп қиюға болады. Соған байланысты әйелдер мен ер адамдарға қызмет көрсететін шеберлер бар. Адамдар өздері таңдаған шеберлерге алдын ала жазылып келуіне болады. Мұнда шаш қиюдан басқа ерлердің сақалын, мұртын алу жұмыстары да орындалады. Сонымен қатар қолдың, аяқтың тырнақтарын әсемдеу қызметі көрсетіледі. Салон қызметкерлері әр келушіні ерекше қарсы алып, көңілінен шығуға тырысады. Аталған орынды бүгінгі күнгі бәсекелесу заманына сай келетін салон деп айтуға болады.

## II

| | |
|---|---|
| *Гүлмира:* | Сәлеметсіз бе! |
| *Шаштараз:* | Сәлеметсіз бе. Өтініш, сіз шашыңызды қиғыңыз келе ме? |
| *Гүлмира:* | Мен шашымды қиғызып, боятайын деп едім. |
| *Шаштараз:* | Жақсы, қалай қиямыз? |
| *Гүлмира:* | Қысқа, сәнді етіп қиып берсеңіз. |
| *Шаштараз:* | Иә, Сізге қысқа шаш жарасады деп ойлаймын. Ал бояуды таңдадыңыз ба? |
| *Гүлмира:* | Қоңыр түсті бояуды қалаймын. |